

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология*

*және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жсэне*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,  
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,  
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев  
(хатшылар тобының жетекшісі)

### **Пікір жазған**

филология гылымдарының докторы, профессор **Б. Жақып**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология гылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Баспаға дайындағандар:**

Б. Баязитов, Г. Іскеқақова

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. XII том. М.О. Әуезов  
Абайтану мәселелері. Макалалар / құраст., түсінік. жазғ.:  
Д. Қарағойшиева, Л. Мұсалы; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.  
– Алматы: Қазақ университеті. – 2017. – 302 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)**

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымның он екінші томына  
М. Әуезовтің Абайдың өмірбаяны туралы еңбегінің екінші, үшінші нұсқалары  
және абайтану мәселелері бойынша әр жылдарда жазған макалалары берілген.  
Томга енген еңбектердің ғылыми және таңымдық маңызы үлкен.

Енбек орта және жоғары оқу орындарында білім алушы жастарға, жас  
мамандарға, зерттеушілерге және көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық  
зерттеу бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)

© Әуезов М.О., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

## АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНУЛЕРІ

*Бақпен асқан патшадан,  
Мимен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан кәріден,  
Еңбекін сатқан бала артық.  
Абай*

Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аянбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүниекор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таптай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де заманынан оза туған дана кісі болды.

Ғасырлар бойы үстем болып келген схоластикалық медресенің және фанатик молдаларының орнын өткен ғасырдың аяғында келіп буржуазияшыл-діни новаторлық басқанда, Абай бұған сын көзімен қараған, сене қоймаған. Батыс мәдениетінің, әсіресе ұлы орыс халқы мәдениетінің иті ықпалы үшін де Абай мұны қабыл алмаған.

Ауғанның Жәлелләтдіні мен Мысырдың Мұхаммед Габду-һиниң учениелері де, керек десе сол тұстағы Ресей мұсылмандарының арасында дәріпті болған Исмаил Гаспринский-дің де учениесі Абайды өзіне еліктіре алмады.

Ешқандай негізі жоқ және түп асылы реакцияшыл панисламизмнің қамқоршылары, қорығыштары жұртшылықтың пікірін теріске сілтеді, орыстың және батыстың мәдениетінен жұртшылық пікірін қашықтатпақ болды.

Күншығыстың барлық ескі заманғы тарихының ішінен Абай өзіне рухани азық етіп араб-иранның класикалық поэзиясын ғана, «Шағатайдың» ескі әдебиетін ғана алды. Абай тек Фирдоусидің, Хафиздің, Саадидің, Низамидің, Науайдің және Фузилидің мәнгі өлмейтін ақындық шығармаларын ғана қабылдады, соған бой ұрды.

Бірақ Абай осылардың бәрін бойына сініріп алды да, жас кезінің өзінде-ақ алдына қойған жоғары тілектерімен ол бұлардан

асып кетті. Ол «Қағбаны» басқалардай Шығыстан, исламның адыра қалған жұртынан ізделген жоқ, Батыстан ғана ізделі, заманың түнектей қаранғылығын жарып отырып, ол өзінің жалғыз аяқ жолымен сол Батысқа қарай бет алды. Оның жалғыз аяқ жолы «халықтың данғыл жолына», орыс халқының ұлы данышпандығының «мұрасына» апарып жеткізгенде, міне сонда ғана ол жарық дүниені көрді, бойына бақыт нұры енді. «Бүтінгі анайы тұнғыс, дала досы қалмақтың»<sup>1</sup> ішінде асыл мұраға алдымен келіп жеткен осы біздің Абай болар. Бүтіндей бергі шығыстағы елдердің ішінде бұл мұраға алдымен жеткен сол Абай ғана.

Енді бүгін халықтың және орыс классикалық поэзиясының көусөр суымен суарылған оның мәнгі өлмейтін шығармалары біздің көзімізге өткен заманның таң-тамаша қалғандай амалы болып көрініп отыр. Ол халық тарихының биік шынына жалғыздара шыққан тау ағашы сияқты. Орыс халқы мәдениетінің игі ықпалымен, әсерімен тамашадай байта отырып, өз халқының ғасырлар бойындағы рухани мәдениетінен оның біздің заманға әкеліп жеткізгендегі Абайдың атын мәнгі өшпестей дәріптеді, оның атын қазақтың классикалық мәдениетінің биік шынының ұшар басына апарып қондырды.

Қазақстанның зерттеу жұмыстары Абай мұраларының негізін дұрыс ұғынудың жолын кейінгі жылдардың ішінде ғана байқап отыр. Орыстың классикалық мәдениетімен Абайдың байланысын түсіндіргенде, бұрын тек Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударғандарын үстірт атаушы еді де, сонымен жұмысын аяқтаушы еді.

Рас, өткен ғасырдың 80-жылдарында өзінің толып жатқан аудармалары арқылы, Абай бұлардың аттарын қазақ жұртына танытты. Тагы оның үстіне Татьяна мен Онегиннің хаттарына ол өзінің күйін қосты да, бұлардың аттарын қазақ халқының лирика-эпостарындағы геройларымен бірдей етіп дәріптеді. Бірақ Абай енбектерінің мәні, асылы мұнысында ғана емес. Абай өзінің шығармаларында бойына сініріп, толықтай игеріп алған еуропалық школаның, Пушкин школасының мәдениетін көрсетті.

Абайдың орыс мәдениетімен байланысын айтқанда, бір ғана поэзияны атады да, бұл байланыстың өрісін тағы тарылтты. Ал

<sup>1</sup>А.С. Пушкиннің «Ескерткіш» өлеңінен алынған жолдар.

сонан келген, Абайдың сатиralық әйгілеу өлеңдерінің Салтыков-Щедриннің сатирасымен терең байланысып жатқанына қазір ешқандай құдік келтіруге болмайды. Окудағы жастарға арнаған өлеңінде Салтыковтың және Толстойдың аттарын атауы да тегін емес.

Осылардың идеясын, мәдениетін игеріп алған соңғана және алдындағы достары арқылы (Чернышевскийдің шәкірттері – Михаэлис, Гросс, Долгополов, тағы басқалар арқылы) орыс жүртшылығының алдыңғы қатардағы идеясымен танысқан соңғана ол «Менің қағбам батысқа көшті» деп айта алды.

Орыс әдебиеті ғана емес, Еуропаның классиктері де, Сократтың, Аристотельден бастап Спинозаға, Спенсерге және Дарвинге шейінгі де философия іелері оған таныс болатын-ды. Ол әсіресе Европадағы ой-пікірлердің даму тарихымен көбірек айналысты.

Өзінің көңіл күйінің лирикасында, жаратылысының лирикасында, толып жатқан прозалық трактаттарында терең бойлай жататын өзінің рационалдық философиясын Абай кездесөқ жасай салған жоқ, алдымен осындағы бай школалардың оқуын өтіп алғып, сейтіп бұларды өзінің творчестволық өндөуінен өткізген соңғана жасай алды.

Керек десе оның діни-философиялық тақырыптағы идеалистік ой толғауларының сараң, шолақ ойлы Ислам апологеттерінен қанша ілгері жатқанын да анғару қын емес. Мұның Спенсердің мораль философиясымен туыстас екені күмәнсіз. Бұл жайында мұнан да көпті айтуға болады – Абай творчествосының және оның дүние тануының негізі тұрасындағы нағыз мәдени, ғылыми пікір Абай мұраларындағы эллинистік элементтермен де айналысуы тиіс. Біз бұл арада халық даналығының, Шығыс классикасының және Гректің антикалық (ескі) мәдениетімен тамырласып жатқан Еуропаның классикалық мәдениетінің тамашадай жымдасып біріккенін көреміз. Абай Сократ туралы философиялық трактат та жазған. Бірақ соның ішінде алдымен айта кететін – ол «Ескендір Зұлкарнайын» және өзінің тәрбиешісі Аристотель туралы пікірге бай поэма жазды.

Ол тұста қазақтың баспасөзі жоқ-ты, кітап шығару мәдениеті қазаққа салт болып енбеген-ді. Бірақ соған қарамай, Абай

өзінің тірі кезінде-ақ халық арасында дәріпті болды, халқы сүйген ақыны болды. Оның шығармалары қолжазба құйінде-ақ тарап тұрды, өсіресе атап айтатын нэрсе: Абай өлеңдерін қазактың ақын, жыршылары халық әндеріне, Абайдың өзі шығарған күйлеріне қосып ел құлағына сініріп жүрді. Откен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ Абай маңына тұтас бір әдебиет школасының құрылуы – Абайдың кеменгерлігін халықтың танығандығының белгісі.

Абайдың идеялық мәдени-рухани дүниесінің қеңдігі Абайдың ізін құған ақындардың сюжетке бай романтикалық, тарихи алуан-алуан жырларында және тарихи батырлар поэмаларында жақсы көрсетілген. Бұл поэмалардың тақырыптарын екінің бірінде Абайдың өзі беріп тұрған. Мәселен, өзінің баласы, жас ақын Мағауияға ол Кавказдағы Шамиль көтерілісінің тақырыбын, соңсaн Ніл дариясының бойындағы қанаушы жер исесінен құлдың («Медгат-Қасым») кек алу тақырыбын айтқан. Ол Ақылбай ақынға Дағыстаншылар жайындағы («Дағыстан») романтикалық-батырлық поэмаларын тақырыбын және Зұлыштар («Зұлыш») тақырыбын берген. Өзінің шәкірті және досы болған Көкпай ақынға өз халқының откен заманынан алынған тарихи поэмалардың тақырыбын берген. Эйел теңдігіне және жалғыз дара елдердің феодалшыл-рушылдықтың ескі ұйытқысына қарсы күресіне арналған поэмаларды да осы школалар тудырган.

Абайдың зор игілі әсері ақындардың ғана творчествосына тиіп қойған жоқ, ол толып жатқан өзінің оқушыларының ұғымына да, олардың мәдени талаптарына да әсер етті. Абайдың өз аузынан және жырши досы Баймагамбеттің аузынан бірқатар Батыс жазушыларының шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге тарады. Мен өзім Баймагамбеттің өз аузынан Дюманың «Үш мушкетер» деген романын, «Новарра Генрихы» деген романды, Үрістемнің дастандарын, Петр Великийдің және белгісіз авторлардың инквизиция заманынан жазған сюжетке бай бірнеше романдарын естідім.

Осы романдарды бастағанда, «Нидерлан деген жерлерде, Лейден деген қалада, инквизиция деген бір би болыпты» деп бастайтыны Баймагамбетті тындағандардың бәрінің де есінде болар; Абайдың белгілі досы қара танымайтын Баймагамбет

құлағын тіге, соның аузына қараган тыңдаушыларға қызғылықты хикаясын, міне, осылайша бастайтын.

Зор ақын болған кісінің бері өз ортасын қалай білімді ету көрек екендігін, өз ортасын әрбір үлкен ақын қалай құру керек екенін Абай өзінің нағыз кеменгерлігімен бүкіл мәдениетті жұртқа дәлелдеп шықты. Өзінің шығармаларын халық жүргегіне кеңінен ұғындыру, ілгерідегі жолын кеңінен ашып, прогрестің идеялық мәдени болашағын көрсете отырып, халқының ақыл-ой парасатын жетілдіре – міне, халық ақынының, классикалық ақынның мағыналы орны осында. Абай осылай болғандықтан ғана өз заманынан оза шыққан кісі болды, ол осылай болғандықтан ғана оның творчествосының күшті ағындары біздің адам баласының тарихы көрмеген заманымызбен тіл қатып сөйлескендей болады.

Тұystас ұлы орыс халқының мәдениетін үйреніп, сол мәдениетті творчестволық түрде өндеп, өзіміздің ерлік заманымызға сай көркем шығармалар берілуі керек.

Халқынан және орыстың, Батыстың классиктерінің данышпандарынан үйренген Абай сияқты біз де өзіміздің социалистік әдебиетімізді сан жағынан ғана емес, көркемдік пен шебер жазылған шығармалармен байытуымыз керек.

Біздің алдымызда тұрған міндет осылай бола тұрса да, біздің шолақ ойлы, женіл мінезді сыншылар қазақ прозаиктерінің көбін мынау А.М. Горькийге ұсаған екен дей салады, ал қазақ ақындарының көбін мынаның Маяковскийге таразысы тең екен, сонымен үндес екен дейді. Осындаі, әділ жанның қытығына тиетін, наған сыншылықты тастап, біздің мәдениетті сыншылар алдарына мына сияқты міндеттерді қойса: Қазақстанның ақын, жазушылары, өздерініздің ұлы заманыңызда орыс классиктеріне таразысы тең Горькийдің, Маяковскийдің шығармаларына ұсайтын шын көркем шығармалар берулерің тиіс. Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан үйреніп жазғандарындаі, қазақтың ана тілінде, мәдени сатысы биік поэзияны тудырындар. Сіздердің шығармаларыңыздың шын өлшеуі қазақ оқушыларының ғана танығаны болмай, бүкілсоюздық оқушының сыны болсын. Ұлы интернационалдық совет жұртшылығы Сіздерді де біздің бүгінгі дана көриямыз Жамбылды сүйгендей сүйстін болсын. Союздағы барлық жазушылардың, барлық Совет Союзындағы

халықтардың дана көсемі партияның бастауымен біздің Союз көлеміндегі мәдениетті жазушылармен үлгілі, игілі жарысқа түсініздер. Осы беттерінізде кең болашақтың бетін ашыныздар, өткен заманының ұлы классиктері – Пушкинде, Абайдада болған, пролетариат әдебиетінің негізін салушы Горькийде болған, Ленин заманының алдына жан салмаған ақыны Маяковскийде болған кең көркемдік көлемге ие болыңыздар.

Біздіңше, Абайдың классикалық мираптарына қарайлағанда, біздің алдымызда тұратын мәселелер осылар болуы керек еді. Абай біздің дәуірден үлкен орын алғанда, өзінің творчествосының негізгі мотивтерімен ғана емес, идеялық, мәдени зерттеуімен де, мәселелерді және қазақтың көркем әдебиетінің жолдарын өз дәуіріне қарай дұрыс шешумен де оның творчествосы біздің заманмен үндесіп, тілдесіп жататындығынан.

1939 жыл.

## ТҮСІНІКТЕР

**Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа).** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 149-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 68-120-б.].

**Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқа).** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18 т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 63-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 132-218-б.].

**Абай ақындығының айналасы.** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1934. – № 11-12. – 11-19-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10 т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 5-20-б; Абай институтының вебсайты].

**«Евгений Онегиннің» қазақшасы.** Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 58-67-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 12 т. Макалалар, оқулық, әдеби мұра. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 6-15-б; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың идеялық-мәдени ізденулері.** Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1937; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Макалалар, зерттеулер, [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. – 5-10-б.; Абай институтының вебсайты].

**Орыс классиктері мен Абай.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 5-24-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 6-25-б.; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың өмірі мен еңбегі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / Құрастырушылар: Л.М. Әуезова, М. Мырзахметов. – 204-223-б.

**Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904).** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 143-173-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 100-131-б.; Абай институтының вебсайты].

**Абай еңбектерінің биік нысанасы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – 34-41-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. - 85-83-б.; Абай институтының вебсайты].

**Пушкин мен Абай.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Өуезова, Т. Әкімов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-12-б.; [Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 30-т.; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың халықтығы мен реализмі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т. – 125-134-б.; Абай институтының вебсайты.

**Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Өуезова, Т. Әкімов. – 27-39-б.; Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т.; Абай институтының вебсайты.

**Қазақ халқының ұлы ақыны.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т.. Зерттеулер, макалалар. – 42-62-б.; Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 43-59-б.; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМУНЫ**

Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа – 1940).....	3
Абайдың өмірбаяны (үпінші нұсқа – 1944) .....	57
Абай ақындығының айналасы .....	139
«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы .....	155
Абайдың идеялық-мәдени ізденулері.....	165
Орыс классиктері мен Абай .....	171
Абайдың өмірі мен еңбегі (Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне жасаған баяндама).....	190
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904) Өмірі мен творчествосы .....	211
Абай еңбектерінің биік нысанасы .....	241
Пушкин мен Абай .....	249
Абайдың халықтың мен реализмі.....	256
Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері .....	265
Қазақ халқының ұлы ақыны.....	277
Түсініктер .....	299

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
XII том**

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын бәзендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

**ИБ№10550**

Басуга 10.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup>.  
Көлемі 18,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6145.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.